

«НҰР ӘЛЕМ» ЖАЛПЫ ОРТА
МЕКТЕБІ
ЖЕКЕ МЕКЕМЕСІ



ЧАСТНОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
ОБЩАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА «НУР АЛЕМ»

БИН 951040000237

тел: +7 (7252) 40-40-00

+7 701 765 43 32

e-mail: nuralem.school.95@gmail.com

город Шымкент, 160002

район Туран, ул. Молдагуловой 35

БСН 951040000237
тел: +7 (7252) 40-40-00
+7 701 765 43 32
e-mail: nuralem.school.95@gmail.com
Шымкент қаласы, 160002
Тұран ауданы, Молдағұлова көшесі 35

Кезектен тыс педагогикалық кеңестің № 2 ХАТТАМАСЫ

01.09 2023ж.
Шымкент қ.

№ 2
Шымкент қ.

Төрайым – мектеп директоры В.С.Цай
Хатшы - М. Ж. Кадырбекова

Қатысқандар: «Нұр Әлем» жалпы орта мектеп ұжымы
Өткізілген орын: Мәжіліс залы

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Білім беру ұйымының өзін—өзі бағалауын ұйымдастыру және қортыныдысы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры В.С.Цай сөйледі.

2021-2022-2023 оқу жылдарына арналған даму жоспарының орындалуын, жүргізілген жұмыстар барысымен таныстырды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып, жауапты мамандармен таныстырып шықты. Шымкент қаласы «Нұр Әлем» жалпы орта мектеп жеке мекемесінің іргетасы 1995 жылы салынған 2 қабатты, типтік негізде, 900 орындық ғимарат. Күрделі жөндеуді қажет етеді, жыл сайын ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары: БСН 951040000237. Білім беру құқықтық лицензия: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Шымкент қаласының Білім саласындағы бақылау департаменті " мемлекеттік мекемелері. Лицензия №KZ21LAA00015925 22.04.2022 жыл.

Мектептегі оқушыларға медициналық қызмет көрсету туралы да айтылды: Мектепте оқушыларға қызмет көрсететін арнайы бір бөлме және ем шара бөлмесі бар. Алғашқы көмек көрсету медициналық жабдықтармен қамтамасыз етілген, бір медбике жұмыс жасайды - Даргель Надежда Константиновна. Маман сертификаты – 09.01.2018ж. Тіркеу № KZ14VMB01976452. Сертификаттың жарамдылық уақыты: 17.02.2028 жылға дейін.

Мектеп асханасы туралы мәлемет берілді:

Оның жалпы ауданы 95 шаршы метр, 70 орынды, тамақтану объектісінің санитарлық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы 22.11.2017 жылы №Х.13.Х.KZ89VBS00091167 нөмірімен алынған. Асхана құрал жабдықтармен, тамақ ішетін орын, ас әзірлеу орнымен қамтамасыз етілген. Оқушылар тұтынатын азық-түлікке, тамақтарға рұқсат етілген, сертификатталған өнімдер пайдалануда, ас мәзірлері бекітілген. Мұздатқыштар саны 2 дана, ас дайындайтын пеш 2 дана, асханалық шкаф 4 дана. Ыстық тамақпен ЖК «ЛИ» Ли И.М. асхананы жалға беру келісімшарты 01.09.2023ж. қамтамасыз етіп отыр. Білім беру ұйымдарының жабдықтарымен және жиһаздармен, оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқу құралдарымен жабдықталғандығы айтылды. Мұғалімдер бөлмесінде мұғалім орындығы 10 дана, мұғалім столы 1 дана, шкаф 1 дана, диван кресло 1 дана. Мектеп бойынша 40 дана ноутбук, компьютер 2 дана, проектор 2 дана, интерактивті панель 2 дана, 25 оқушы тақтасы, 50 дана жұмыс шкафтарымен, 250 парта, 500 оқушы орындығымен жабдықталған. Көркем еңбек кабинетінде 5 тігін машинасы, шкаф 1 дана, мұғалім столы 1 дана, орындығы 1 дана. Мектеп кітапханасы екі бөлмеден тұрады: оқу залы, кітап сақтайтын бөлме, 1 компьютер, екі бетті кітап сөресі 10 дана. АТК залы 60 орындықпен қамтылған.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Резникова А.М. шығып сөйлеп, білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша талдау жасады: білім сапасы және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуын таныстырып өтті:

2021-2022 оқу жылында тарификация бойынша 42 педагогикалық қызметкер жұмыс жасаған. Оның ішінде, 41-жоғары білімді, 2-арнаулы орта білімді мамандар. Педагог-зерттеушілер – 2, педагог-сарпапшылар-3, педагог-модератор-3, I-санатты -2 мұғалім , 2-санатты - 2 мұғалім санаты жоқ педагогтер- 15.

2022-2023 оқу жылында тарификация бойынша 47 педагогикалық қызметкер жұмыс жасаған. Оның ішінде, 45- жоғары білімді, 1-арнаулы орта білімді мамандар. Педагог-зерттеушілер — 5, педагог-сарапшылар- 2, педагог-модераторлар — 24, 2-санатты -2, санаты жоқтар -16

2023-2024 оқу жылында тарификация бойынша 45 педагогикалық қызметкер жұмыс жасаған. Оның ішінде, 43-жоғары білімді, 2-арнаулы орта білімді мамандар. Педагог-зерттеушілер – 11, педагог-сарпапшылар-2, педагог-модератор-10, санаты жоқ педагогтер- 22.

Мектеп директорының бейінді оқыту жөніндегі орынбасары (қоғамдық негіздегі ғылыми әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырушы) А.М.Резникова оқушылар мен мұғалімдердің түрлі конкурстар мен жарыстардан алған жетістіктері туралы атап өтті:

«Нұр Әлем» жалпы орта мектеп білім алушыларға ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімді меңгерген, бәсекеге қабілетті, салауатты өмір салтын ұстанатын ұрпақ тәрбиелеуге ерекше мен беріледі. Оқу жылдарында білім ордасында қабілеті жоғары оқушылармен жұмыс жоспарлы түрде жүргізілген. Нәтижесінде мектеп оқушылары мектепішілік, қалалық облыстық,

республикалық және халықаралық деңгейдегі әртүрлі байқаулар мен олимпиадалардан, ғылыми жобалардан жүлделі орындарды иеленген. Дәстүрлі Республикалық пәндік олимпиада бойынша білім алушылардың аудандық, облыстық, республикалық кезендердегі жетістіктері төмендегідей:

«Нұр Әлем» жалпы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылы жалпы мектеп бойынша мұғалімдердің жетістіктері

Қазақстан тарихы

1) Халықаралық байқаулар, сайыстар, олимпиадалар, т.б.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пән мұғалімі	Байқаудың атауы	Өтілген орны уақыты	Нәтижесі
1	Рысбекова Камила Калметовна	Тарих және география мұғалімі	ҚББ әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Білімді ұлт: әдістемелік қолдау сапалы білім»	2022ж	II дәрежелі диплом

Республикалық байқаулар, сайыстар, олимпиадалар, т.б.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пән мұғалімі	Байқаудың атауы	Өтілген орны уақыты	Нәтижесі
2	Резникова Анастасия Михайловна	История	Республикалық «Жас ғалым» журналы	2022 г.	Алғыс хат
3	Рысбекова Камила Калметовна	Тарих және география мұғалімі	«Үздіксіз педагогикалық білім» халықаралық білім беретін ғылыми әдістемелік, танымдық шығармашылық бағыттағы журнал	2023 г.	құрмет грамотасы
4	Резникова Анастасия Михайловна	История	Республиканская рейтинговая олимпиада по предмету «история Казахстана»	2022 г.	Диплом I степени
5	Резникова Анастасия Михайловна	История	Республиканская олимпиада «Ең білімді педагог -2022»	2022 г.	Диплом III степени
6	Резникова Анастасия Михайловна	История	Республиканская олимпиада по предмету «история Казахстана»	2022 г.	Сертификат
7	Резникова Анастасия Михайловна	История	Республиканская олимпиада среди учителей по предмету «история Казахстана»	2022 г.	Сертификат
8	Резникова Анастасия Михайловна	История	Республиканская виртуальная- олимпиада среди учителей по предмету «история Казахстана»	2022 г.	Сертификат

2) Облыстық байқаулар, сайыстар, олимпиадалар, т.б.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пән мұғалімі	Байқаудың атауы	Өтілген орны уақыты	Нәтижесі
---	---------------------	--------------	-----------------	---------------------	----------

9	Резникова Анастасия Михайловна	История	Областная олимпиада школьников и студентов по истории «Новое поколение»	2022 г	Благодарность
10	Рысбекова Камила Калметовна	Тарих және география мұғалімі	ҚББ әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Білім беру ұйымдарының тарих және география пәні мұғалімдері арасында ұйымдастырылған «Үздік авторлық бағдарлама»	2022 жылы	II дәрежелі диплом

Қалалық байқаулар, сайыстар, олимпиадалар, т.б.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пән мұғалімі	Байқаудың атауы	Өтілген орны уақыты	Нәтижесі
11	Резникова А.М.	История	Шымкент қаласының білім басқармасы	2022 г	Құрмет грамотасы
12	Резникова А.М.	История	Методический отдел города Шымкента	2022 г.	Грамота

3) Интернет олимпиадалар

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пән мұғалімі	Байқаудың атауы	Өтілген орны уақыты	Нәтижесі
13	Резникова А.М.	История	Республиканская дистанционная олимпиада по предмету «всемирная история»	2022 г.	Диплом II степени
14	Резникова А.М.	История	Олимпиада «Основы профессионального саморазвития педагога»	2022 г.	Диплом
15	Резникова А.М.	История	Олимпиада по технологии Lesson Study «Исследование урока в действии»	2022 г.	Диплом
16	Резникова А.М.	История	Республиканская виртуальная-олимпиада среди учителей по предмету «история Казахстана»	2022 г.	Сертификат
17	Резникова А.М.	История	Олимпиада по технологии Lesson Study «Исследование урока в действии»	2022 г.	Благодарность

Дене шынықтыру

Республикалық байқаулар, сайыстар, олимпиадалар, т.б.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пән мұғалімі	Байқаудың атауы	Өтілген орны уақыты	Нәтижесі
18	Дауренбекова А.Х	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру педагогтарының кәсіби күзіреттілігі	2023	Сертификат
19	Дауренбекова А.Х	Дене шынықтыру	«Дене шынықтыру» пәні бойынша білім беру мазмұнын жаңарту аясында білім сапасын арттыру жолдары	2023	Сертификат

20	Дауренбекова А.Х	Дене шынықтыру	Бастауыш сыныптардағы дене тәрбиесі	2022	Сертификат
----	------------------	----------------	-------------------------------------	------	------------

1) Интернет олимпиадалар

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пән мұғалімі	Байқаудың атауы	Өтілген орны уақыты	Нәтижесі
21	Дауренбекова А.Х	Дене шынықтыру	IV Республикалық «XXI ғасыр ұстазы»	2023	II дәрежелі диплом
22	Дауренбекова А.Х	Дене шынықтыру	Основы цифровой грамотности и работа в АИС Kundelik.kz для учителей общеобразовательных школ РК	2022	Сертификат
23	Дауренбекова А.Х	Дене шынықтыру	Физическая подготовка	2023	Диплом I степени
24	Дауренбекова А.Х	Дене шынықтыру	Online платформасы: бәрі мұғалімдер мен жетекшілері үшін	2023	Диплом I степени

Бастауыш мектеп

Халықаралық байқаулар, сайыстар, олимпиадалар, т.б.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пән мұғалімі	Байқаудың атауы	Өтілген орны уақыты	Нәтижесі
25	Ким Елена Михайловна	Бастауыш сынып мұғалімі	Диплом за подготовку победителей конкурса «ПОНИ»	2021	Диплом
26	Карбан Олеся Дмитриевна	Бастауыш сынып мұғалімі	«Болашақ құзыреттіліктерді дамыту: білім берудегі инновациялар білім беру қызметкерлеріне арналғани Халықаралық ғылыми-практикалық тамыз конференциясына қатысқаны үшін берілді»	2023	Сертификат

Республикалық байқаулар, сайыстар, олимпиадалар, т.б.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пән мұғалімі	Байқаудың атауы	Өтілген орны уақыты	Нәтижесі
27	Карбан Олеся Дмитриевна	Бастауыш сынып мұғалімі	«Болашақ құзыреттіліктерді дамыту: білім берудегі инновациялар білім беру қызметкерлеріне арналғани Халықаралық ғылыми-практикалық тамыз конференциясына қатысқаны үшін берілді (семинар)»	2023	Сертификат
28	Карбан Олеся Дмитриевна	Бастауыш сынып мұғалімі	Психолого-педагогическая компетентность педагога (семинар)	2023	Сертификат
29	Санемова Гульнара Изатуллаевна	Бастауыш сынып мұғалімі	Ұздік бастауыш сынып мұғалімі	2022	Диплом 1 место

30	Санемова Гульнара Изатуллаевна	Бастауш сынып мұғалімі	Уро.рз сайты бастауыш сынып мұғалімдер арасында	2022	Диплом 1 место
31	Санемова Гульнара Изатуллаевна	Бастауш сынып мұғалімі	Жас дарын ғылыми- әдәстемелік орталығынан	2021	Диплом 1 место
32	Санемова Гульнара Изатуллаевна	Бастауш сынып мұғалімі	Ustaz tilegi Бастауышта оқыту педоггикасы мен әдістемесі ұстаздар арасында онлайн блиц-турнирде	2021	Диплом 1 место
33	Санемова Гульнара Изатуллаевна	Бастауш сынып мұғалімі	Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы Педогогтердің цифрлық күзырлығын дамыту	2021	Диплом 1 место
34	Рустемова Асем Канатовна	Бастауш сынып мұғалімі	Уро.kz Республикалық вертуальды олимпиада Қазақстан Республикалық педагогикалық академиясы	2022	I-дәрежелі диплом
35	Рустемова Асем Канатовна	Бастауш сынып мұғалімі	Цифрлық сауаттылық негіздері және ААЖ-да жұмыс істеу Kundelik.kz 72 сағат көлемінде біліктілікті арттыру	2022	Сертифика т
36	Кенжебаева Салтанат Данебековна	Бастауыш сынып мұғалімі	«Үздік бастауыш сынып мұғалімі» Өрлеу: «Бастауыш сынып (1-4сыныптар) мұғалімдерінің «Математика», «Қазақ тілі» және «Әдебиеттік оқу» пәндері бойынша пәндік күзыреттіліктерін дамыту» Өрлеу: «Бастауыш сынып (1-4сыныптар) мұғалімдерінің «Математика», «Қазақ тілі» және «Әдебиеттік оқу» пәндері бойынша пәндік күзыреттіліктерін дамыту»	2022 2022 2022	I-дәрежелі диплом Сертифика т Сертифика т
37	Зульпахарова Ақмарал Абаевна	Бастауыш сынып мұғалімі	Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Минстірлігі «Өрлеу» «Бастауыш білім беру жағдайында 4К моделін жүзеге асырудың психологиялық- педагогикалық жағдай жасау». «Өрлеу» «Бастауыш сынып (1-4 сыныптар)мұғалімдерінің «Математика Қазақ тілі және Әдебиеттік оқу» пәндері	2022	I-дәрежелі диплом Сертифика т Сертифика т

			бойынша пәндік құзыреттілігін дамыту.		
38	Төлебаева Жібек Арқабайқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ Педагогикалық шеберлік орталығы : «Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзіреттерін дамыту»біліктілікті арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде курс.	2023	Сертифика т
39	Төлебаева Жібек Арқабайқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	«ЖАС МАТЕМАТИК-YOUNG МАТНЕМАТИСІАН» І-зияткерлік олимпиадасы	2021	Алғыс Хат
40	Төлебаева Жібек Арқабайқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту №21845 25.08.2021ж №49 Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласының төтенше жағдайлар департаменті 24.02.2022 жыл	2021	Сертифика т
41	Төлебаева Жібек Арқабайқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	№49 Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласының төтенше жағдайлар департаменті 24.02.2022 жыл	2022	Сертифика т
42	Ким Елена Михайловна	Бастауыш сынып мұғалімі	Жас ұрпаққа заман талабына сай сапалы білім беріп, 2-11 сынып оқушылары арасында үштілділік бойынша ұйымдастырылған республикалық «АЛТЫН ҚЫРАН-ЕРЕКШЕ ДАРЫН ИЕСІ» зияткерлік байқауына шәкірт дайындап, өз білімін жоғары деңгейде сынап көруне бағыт-бағдар беріп ,женімпазға жетекшелік етенгі үшін марапатталады	2021	Алғыс Хат
43	Ким Елена Михайловна	Бастауыш сынып мұғалімі	За участие в онлайн-фестивале по медийной и информационной грамотности	2021	Алғыс Хат

44	Ким Елена Михайловна	Бастауыш сынып мұғалімі	Дүниетану, жаратылыстану пәндері бойынша 2-4 сынып оқушылары арасында өткен республикалық «ALTYN URPAQ» зияткерлік олимпиадасында	2022	Алғыс Хат
----	----------------------	-------------------------	---	------	-----------

1) Қалалық байқаулар, сайыстар, олимпиадалар, т.б.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пән мұғалімі	Байқаудың атауы	Өтілген орны уақыты	Нәтижесі
45	Рустемова Асем Канатовна	Бастауыш сынып	Шымкент қаласының Білім Басқармасының әдістемелік орталығы	2023	Грамота
46	Санемова Гульнара Изатуллаевна	Бастауыш сынып	Шымкент білім басқарамасы	2022	Алғыс хат

2) Интернет олимпиадалар

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пән мұғалімі	Байқаудың атауы	Өтілген орны уақыты	Нәтижесі
47	Рустемова Асем Канатовна	Бастауыш сынып мұғалімі	Уро.kz виртуалды – олимпиада	2022	1-дәрежелі диплом
48	Шульбаева Кулбаршин Бахрамовна	Бастауыш сынып мұғалімі	Уро.kz. виртуалды-олимпиада Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту	2022	I-Дәрежелі Диплом
49	Кенжебаева Салтанат Данебековна	Бастауыш сынып мұғалімі	Уро.kz. виртуалды-олимпиада	2022	I-Дәрежелі Диплом
50	Ким Елена Михайловна	Бастауыш сынып мұғалімі	“цифрлық сауаттылық” “цифровая грамотность” развитие цифровых компетенций педагогов Сертификат – курс повышения квалификации	2021 2022	Сертификат
51	Зульпахарова Ақмарал Абаевна	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту №224106 «Өрлеу»	2021	Сертификат
52	Карбан Олеся Дмитриевна	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту	2021	Сертификат
53	Санемова Гульнара Изатуллаевна	Бастауыш сынып мұғалімі	Шымкент білім басқарамасы Шымкент қаласы білім басқармасының әдістемелік орталығы Өрлеу біліктілікті атқару ұлттық орталығы	2022 2022\2023 2022	Алғыс хат Грамота Сертификат

Химия

1) Қалалық байқаулар, сайыстар, олимпиадалар, т.б.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пән мұғалімі	Байқаудың атауы	Өтілген орны уақыты	Нәтижесі
54	Мухамедьяров Г.П.	химия	"Ұлағатты ұстаз" Куәлік №27	2022	Грамота

Орыс тілі

Нур Әлем жалпы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылы жалпы мектеп бойынша мұғалімдердің жетістіктері

1) Халықаралық байқаулар, сайыстар, олимпиадалар, т.б.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пән мұғалімі	Байқаудың атауы	Өтілген орны уақыты	Нәтижесі
55	Резанова Т.А.	Учитель русского языка и литературы	Благодарственное письмо ко дню независимости	2022	Грамота
56	Резанова Т.А.	Учитель русского языка и литературы	Курсы повышения квалификации « Развитие профессиональных компетенций учителя русского языка и литературы»	2023	Сертификат

Интернет олимпиадалар

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пән мұғалімі	Байқаудың атауы	Өтілген орны уақыты	Нәтижесі
57	Резанова Т.А.	Учитель русского языка и литературы	Орлеу - Благодарность	2023	Грамота
58	Резанова Т.А.	Учитель русского языка и литературы	Курсы повышения квалификации «Развитие цифровых компетенций педагогов»	2021	Сертификат
59	Резанова Т.А.	Учитель русского языка и литературы	Международная олимпиада «Ped Olimp» по внедрению дистанционных технологий в образовательный процесс	2021	Диплом 2 место
60	Резанова Т.А.	Учитель русского языка и литературы	Республиканский онлайн турнир среди учителей по предмету «русский язык и литература»	2021	Диплом 3 место

Ағылшын тілі**1) Халықаралық байқаулар, сайыстар, олимпиадалар, т.б.**

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пән мұғалімі	Байқаудың атауы	Өтілген орны уақыты	Нәтижесі
61	Ким Е.В.	Ағылшын тілі	"Lesson Study" тақырыбындағы халықаралық біліктілікті арттыру курстары	2023	Сертификат

Республикалық байқаулар, сайыстар, олимпиадалар, т.б.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пән мұғалімі	Байқаудың атауы	Өтілген орны уақыты	Нәтижесі
62	Ким Е.В.	Ағылшын тілі	Курстар : "Методы развития предметных компетенций учителей английского языка в повышении качества содержания образования"	2023	Сертификат

63	Ким Е.В.	Ағылшын тілі	Курстар :""Пути повышения качества знания учителя английского языка в рамках обновления содержания образования "	2023	Сертификат
----	----------	--------------	--	------	------------

2) Қалалық байқаулар, сайыстар, олимпиадалар, т.б.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пән мұғалімі	Байқаудың атауы	Өтілген орны уақыты	Нәтижесі
64	Ким Е.В.	Ағылшын тілі	Training: Academic English Webinar session Discover the world through Perason and Cambridge University Press resources	2022	Сертификат
65	Ким Е.В.	Ағылшын тілі	Training :A2 Key for schools, B1 preliminary for schools Exam Preparation workshop session introduction to the core knowledge and skills needed for successful pass Cambridge Exams	2023	Сертификат
66	Ким Е.В.	Ағылшын тілі	Training :YLE Exam Preparation workshop session introduction to the core knowledge and skills needed for successful pass Cambridge Exams	2023	Сертификат
67	Ким Е.В.	Ағылшын тілі	Conference: "Essential Teacher Skills"	2023	Сертификат

3) Интернет олимпиадалар

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пән мұғалімі	Байқаудың атауы	Өтілген орны уақыты	Нәтижесі
68	Ким Е.В.	Ағылшын тілі	"Цифрлық сауаттылық негіздері және ААЖ-дағы жұмыс" тақырыбында біліктілікті арттырудың онлайн-курстарынан өтті Kundelik.kz ҚР жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдері үшін "	2022	Сертификат

Мектеп сыныптарындағы вариативті сағаттар бөлінісі

2023-2024 оқу жылында 31.08.2022 жылғы №1 педагогикалық кеңестің шешімімен сыныптарда (29 сынып) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына және «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына сәйкес жаңартылған білім мазмұны бойынша білім берудің үлгілік оқу жоспарларын басшылыққа алып білім беру бекітілген.

Сыныптар	Вариативтік компоненттер		Элективті курстар	
	Сағат саны	Пән атауы	Сағат саны	Пән атауы
1 (қазақ тілі)	1	Қызықты математика		
2 (қазақ тілі)	1	Қызықты математика		
	1	Көркем жазу		
2 (орыс тілі)	1	Занимательное чтение		
3 (қазақ тілі)	1	Қызықты математика		
4 (қазақ тілі)	1	Қызықты математика		
5 (қазақ тілі)	0,5	Жаһандық күзiреттiлiк	1	Спорттық ойындар
5(орыс тілі)	0,5	Глобальная компонентность	1	Спортивные игры
6 (қазақ тілі)	0,5	Жаһандық күзiреттiлiк	1	Спорттық ойындар
6(орыс тілі)	0,5	Глобальная компонентность	1	Спортивные игры
7 (қазақ тілі)	0,5	Жаһандық күзiреттiлiк	1	Спорттық ойындар
	1	Геометрия		
	1	Биология		
	1	Физика		
7 (орыс тілі)	0,5	Глобальная компонентность	1	Спортивные игры
	1	Геометрия		
	1	Химия		
	1	География		
8 (қазақ тілі)	0,5	Жаһандық күзiреттiлiк	1	Спорттық ойындар
	1	Геометрия		
	1	Биология		
	1	Физика		
8(орыс тілі)	0,5	Глобальная компонентность	1	Спортивные игры
	1	Геометрия		
	1	Химия		
	1	География		
9 (қазақ тілі)	0,5	Жаһандық күзiреттiлiк	1	Спорттық ойындар
	1	Геометрия		
	1	Биология		
	1	Физика		
9 (орыс тілі)	0,5	Глобальная компонентность	1	Спортивные игры
	1	Геометрия		
	1	Химия		
	1	География		
10(қазақ тілі)	0,5	Жаһандық күзiреттiлiк	1	Спорттық ойындар
	2	Дүниежүзі тарихы		
	2	География		
	2	Химия		
	2	Биология		
	2	Физика		
	1	Алғашқы әскери дайындық		
10(орыс тілі)	0,5	Глобальная компонентность	1	Спортивные игры
	1	Всемирная история		
	2	География		

	2	Химия		
	2	Биология		
	2	Физика		
	1	НВПТ		
11 (орыс тілі)	0,5	Глобальная компонентность	1	Спортивные игры
	2	Всемирная история		
	2	География		
	2	Химия		
	2	Биология		
	1	Физика		

2022-2023 оқу жылында 31.08.2021 жылғы №1 педагогикалық кеңестің шешімімен сыныптарда (28 сынып) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына және «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізілген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына сәйкес жаңартылған білім мазмұны бойынша білім берудің үлгілік оқу жоспарларын басшылыққа алып білім беру бекітілген.

Оқу жылдары бойынша 1-11 сыныптардағы инвариантты компоненттерге бөлінген сағаттар саны төмендегідей:

Оқу жылдары	Оқыту тілі	Сыныптар/инвариантты сағат сандары										
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10 ҚГБ	11 ҚГБ
2021-2022	Қазақ	22,5	24	26	26	29	30	31	32	34	-	-
	Орыс	24,5	26	29	29	29	30	31	32	34	-	-
2022-2023	Қазақ	20,5	25	28	28	29	30	31	32	34	35	35
	Орыс	20,5	25	28	28	29	30	31	32	34	35	35
2023-2024	Қазақ	19,5	24	26	26	28,5	28,5	32,5	32,5	34	33	33
	Орыс	20,5	24	26	27	29,5	29,5	32,5	32,5	35	32	32

басшылыққа алынды.

2021-2022 оқу жылынан бастап барлық 1-11 сыныптар жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беруге көшті. Инвариантты және вариативтік компоненттер бойынша сабақтар беріліп, жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу жүктемелері бөлінген. 2020-2021 оқу жылында тарификация бойынша 798 сағат; 2021-2022 оқу жылында 761 сағат, ал 2023-2024 оқу жылында 794,5 сағат бөлініп, кестеге түсірілген.

Оқу жылдарына сабақ кестелері жасалынған, бекітілген. Инвариантты және вариативтік компоненттер бойынша сағаттар бөлініп, жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу жүктемелері берілген.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында Нұр Әлем мектебі оқу жоспарының инвариантты компонентіндегі пәндер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі

№399 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізілген.

1-11 сыныптардың білім алушылары пәндер базалық білім мазмұнын меңгерген. 2022-2023 оқу жылында білім беру қоғамдық гуманитарлық бағыттарында жүргізіледі. Білім алушылардың қызығушылықтарына, қабілеттеріне, олардың болашақта таңдайтын кәсіптеріне, бейіндеріне қарай оқу қызметі қоғамдық-гуманитарлық бағыттарында жүргізілген.

2023-2024 оқу жылында 31.08.2022 жылғы №1 педагогикалық кеңестің шешімімен сыныптарда (29 сынып) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына және «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына сәйкес жаңартылған білім мазмұны бойынша білім берудің үлгілік оқу жоспарларын басшылыққа алып білім беру бекітілген.

Мектептегі 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында атқарылған тәрбие жұмыстары бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары С.Е.Утебаева және Е.В.Ким есеп берді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспарына сай жылдық жоспар құрылып, бекітілді. Жылдық жоспарға сынып жетекшілері, оқушылар, әлеуметтік-педагог, педагог-психологтар, ата-аналар, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп атқаратын жұмыстардың мазмұны енгізілген.

Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты:

Тәрбие жұмысында жаңа әдістер арқылы сыныптағы әрбір жеке-тұлғаны белсенді және саналы азамат етіп тәрбиелеу, адамгершілік қасиеттерін дамыту, еңбекке деген сүйіспеншілігін қамтамасыз ету, жан-жақты дамуына жағдай туғызу. рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылды. 2021-2022 оқу жылы бойынша білім алушылармен жүргізілген тәрбие жұмыстары «Нұр Әлем» жекеменшік мектебінің тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалып, мектеп директоры тарапынан бекітілген. Мектептің тәрбие жоспарында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық

процестің өзіге бола отыра, тәрбие жұмысының 8 бағыты арқылы жүзеге асыруды басты назарға алған:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбие бөлімі «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы аясында білім алушы бойынша адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, «Отбасы-мектеп» жобасы аясында аналар мектебі, әкелер кеңесін ұйымдастыру, «Өзін-өзі басқару» жобасы аясында мектеп парламентінің жұмысын жандандыру, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жүргізілетін жұмыстарды күшейту, мектепте қамқоршылық кеңесі және ата-аналар кеңесі, денсаулық орталықтары, мамандар кеңесін және бірлескен отбасылық іс-шаралар өткізу.

Оқу жылының басында, жоспарға сәйкес 01.09.2021 ж.күні мектебімізде ата-аналардың қатысуымен «Білім күніне» орай «Сыңғырла күміс қоңырау!» атты салтанатты жиын өткізілді.

«Отбасы күні», «Денсаулық күні», «Ұстаздар күні» мерекесі қарсаңында мектебімізде іс-шаралар өткізіліп, қабырға газеті, сурет байқауы ұйымдастырылды.

«Тілдер мерекесі» аясында «Онкүндік» барысында ашық сабақтар, қабырға газеті, сурет байқауы ұйымдастырылып, 5-8 сыныптар «Өлең оқу сайысы», 8-11 сыныптарда эссе байқауы бастауыш сынып оқушылар арасында «Ертегілер әлемінде» тақырыбында іс-шаралар өткізілді.

Қараша айында бастауыш сынып оқушылары арасында «Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік!» айдарымен іс-шара ұйымдастырылып, өткізілді. Мерекелік іс-шараға ата-аналар белсенді түрде қатысып, өз үлестерін қосты. Мерекеді оқушылар жол белгілерін жақсы білетінің көрсетті, жұмбақтар жасырып, ән мен биден шашу шашты.

Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен оқушылар арасында өмір қауіпсіздігін насихаттау, экстремизм-терроризмнің алдын алу, жер сілкінісе, өрт жағдайында іс-әрекеттерін үйрету мақсатында «Оқу жаттығу» жиыны өткізілді.

Іс-шара барысында 1-11 сыныптарда тәрбие сағаттары өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, берілген дабыл бойынша мектеп ұжымы қауіпсіз ашық алаңға эвакуаланды. Мектебіміздің медбикесі Н.К.Даргелдің ұйымдастыруымен «Құтқару тобы» ғимарат ішінде қалып кеткен оқушыға алғашқы медициналық көмек көрсетті.

Жоспарға сәйкес, мектебімізде мектеп парламентінің қолдаумен 5-7 сыныптар арасында «Күз аруы», 8-11 сынып оқушылары арасында «Күзгі бал» мерекесі ұйымдастырылды.

Қараша айында мектебімізде «Әкелер» және «Аналар» клубының ұйымдастыруымен ұстаздар, ата-аналар, оқушылардың қатысуымен, мектеп пен отбасы байланысын нығайту және талантты, өнерлі оқушыларды, ата-

аналарды дәріптеу мақсатында «Екі жұлдыз» өнер сайысы өткізілді. Конкурста ата-аналар, ұстаздар және оқушылар жұптасып, өз өнерлерін ортаға салды.

Сайыс соңында, әділ қазылар шешімімен оза шапқан өнерлі жұптар анықталып, жүлделі орындарды иеленді.

Желтоқсан айында оқушылар арасында патриоттық сезімді нығайту, өз еліне деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында 14.12.2021 ж.күні «Тәуелсіздік-тұғырым!» тақырыбында салтанатты жиын өткізіліп, сурет байқауы, шығарма сайысы өткізілді.

Жаңа жыл қарсаңында 1-11 сынып оқушылар арасында «Әкелер», «Аналар» клубының, мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Қош келдің, Жаңа Жыл» тақырыбында жаңажылдық кеш ұйымдастырылды.

Ақпан айында «Әкелер» клубының бастауымен ауған соғысы ардагерлері : Қ.Нысанов және Б.Тасбулатовтың қатысуымен кездесу ұйымдастырылып, бейне фильмдер көрсетілді. Кездесу барысында ардагерлер ауған соғысы туралы әңгімелеп, оқушылардың сұрақтарына жауап берді.

Кездесу өте қызықты және әсерлі өтті.

«1 Наурыз -Алғыс айту күні» қарсаңында мектебімізде тәрбиелік мәні бар іс-шара, «8-Наурыз- аналар күніне» орай мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Мектеп парламенті, ата-аналар кешті ұйымдастыруда белсенділік танытып, үлкен үлес қосты.

«Қош келдің, Әз- Наурыз!» мерекесі қарсаңында мектебімізде ата-аналар және мектеп парламенті мүшелерінің ұйымдастыруымен мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында ата-аналар мен оқушылар ұлттық дәстүрлерді дәріптеп, «Бесікке салу», «Тусау кесер» сияқты дәстүрді сахналап, ән-биден шашу шашты.

Жылдық жоспарға сәйкес «Рухани жаңғыру» жобасы аясында «1-мамыр -Халықтар достығы және бірлігі күні» 1-11 сынып оқушылары арасында мерекелік концерт ұйымдастырылып, бастауыш сыныптарда сурет байқауы, 5-7 сыныптарда плакат байқауы, мектеп фойесінде «Біз біргеміз» көрме өткізілді.

Мектепішілік «Әкелер» ұйымдастыруымен «9- мамыр- Ұлы Жеңіс Күніне» орай 8-11 сынып оқушылары арасында Ұлы Отан Соғысының ардагері Қ.Рысбековпен кездесу өткізілді, іс-шара барысында оқушылар қонаққа сұрақтар қойып, соңында патриоттық әндер мен билерден шашу шашты. Кездесу өте қызықты және әсерлі өтті.

2021-2022 оқу жылының соңында, 25-мамыр күні мектебімізде «Сыңғырла, күміс қоңырау!» айдарымен салтанатты жиын өткізілді.

Іс-шараға мектепішілік ата-аналар комитетінің төрағасы И.Байбаков , мүшелері И.Фролова, М.Скорынина қатысты.

Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектеп ішінде және мектеп ауласында бейне камералар, турникет орнатылып, мектеп ұстаздары арасынан кезекшілік ұйымдастырылып оқушылардың сабаққа қатысуын, кешікпеун қадағалау мақсатында «Суық қару зардабы» айдарымен түсіндірме жұмыстары және рейд жүргізіледі.

Сонымен қатар, оқушылардың кешкі мезгілде ата-анасыз қошеде жүрмеуін қадағалау мақсатында ұстаздар құрамы аптасына 2-3 рет қаламыздағы, мектепке жақын орналасқан кафе, ойынхана, демалыс орындарына рейд жүргізеді.

Мектепте тәрбиесі қиынға бейім және «сәтсіз» отбасынан шыққан оқушылар мектепшілік есепке алынып, оларға тәлімгер бекітіліп, жүйелі түрде жұмыс жүргізіледі.

Мектепшілік парламент мүшелері және ата-аналар барлық іс-шараларға белсене қатысады.

Жоспарға сәйкес, тәрбиенің 8 бағыты бойынша жұмыстар атқарылады.

1-11 сыныптарда әр аптаның сейсенбі күні кесте бойынша тәрбие сағаттары өткізіліп, әр дүйсенбі күні мектепшілік жиын ұйымдастырылады.

2022-2023 оқу жылы бойынша білім алушалармен жүргізілген тәрбие жұмыстары «Нұр Әлем» жекеменшік мектебінің тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалып, мектеп директоры тарапынан бекітілген. Мектептің тәрбие жоспарында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзіге бола отыра, тәрбие жұмысының 8 бағыты арқылы жүзеге асыруды басты назарға алған:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мектебімізде тәрбиенің 8 бағыты бойынша жоспар құрылып, кестеге сәйкес жұмыс жүргізілді. Осы орайда, барлық іс-шараларға «Әкелер» және «Аналар» клубы мүшелері және мектеп парламенті белсенді түрде қатысып, өз үлесін қосты.

Оқу жылының басында, жоспарға сәйкес 01.09.2021 ж. күні мектебімізде ата-аналардың қатысуымен «Білім күніне» орай «Сыңғырла күміс қоңырау!» атты салтанатты жиын өткізілді.

Қыркүйек айында «Отбасы күні», «Денсаулық күні» қарсаңында 1-10 сыныптарда тәрбие сағаты өткізіліп, спорттық жарыстар, суреттер байқауы өткізілді.

Оқушылар арасында жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында 1-10 сыныптарда диктант жаздырылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жасөспірімдер арасында қылмысты болдырмау мақсатында 5-10 сынып оқушылар арасында Абай ПБ-нің қызметкері, полиция лейтенанты Ж.Сулейменовтың қатысуымен «Жасөспірім және Заң» тақырыбында кездесу өткізілді. Іс-шара барысында заң қызметкері оқушыларды Заң баптарымен таныстырып, міндеттері туралы айтты, және тақырыпқа сай бейне роликтер көрсетті. Сондай-ақ, Ж.Сулейменов оқушыларды сабаққа кешікпеуге, сабақтан себепсіз қалмауға, мектеп формасын сақтауға, ұстаздарды құрметтеуге, ата-аналарды тындауға шақырды.

Сонымен қатар, заңгер, оқушыларды сабақ кезінде, кешкі мезгілде сағат 22:00 -06:00 арасында ата-анасыз көшеде жүрмеуге, ойынхана, кафе, тойхана т.б. басқа жерлерге баруға рұқсат жоқтығын ескертті. Себебі, осы мезгілде қаламызда, ҚББ құқық қорғау қызметкерлерінің қатысуымен «Суық қару зардабы» айдарымен түнгі рейд жүргізілетінін қатан ескертті.

Қазан айында 7-10 сынып оқушылары арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу» мақсатында № 2 емханасының гинеколог-дәрігері Г.Садуованың және емхана психологы Н.Баратованың қатысуымен кездесу өткізіліп, қыздар арасында түсіндірме әңгіме жүргізілді.

Қазан айының 21 жұлдызында 6-10 сыныптар арасында қалалық Діни басқармасының маманы Ә.Тояшевтың қатысуымен «Экстремизм-терроризмнің алдын алу» мақсатында кездесу өткізіліп, оқушыларға діни теріс ағымдар туралы ақпарат беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Теолог Ә.Тояшев балаларға мешітке баруға рұқсат жоқтығын ескертіп, мектеп формасын сақтауға, сабақ оқуға, тәртіпті болуға, үлкен сыйлауға шақырды.

Қараша айында бастауыш сынып оқушылары арасында «Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік!» айдарымен іс-шара ұйымдастырылып, өткізілді. Мерекелік іс-шараға ата-аналар белсенді түрде қатысып, өз үлестерін қосты.

Желтоқсан айында Туран ПБ-ның қызметкері полиция майоры Д.Таженовтың қатысуымен «Қылмысқа жол жоқ!» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Іс-шара барысында заңгер оқушыларға олардың құқықтары мен міндеттерін түіндіріп, нашакорлыққа, буллингке және құқықбұзушылыққа жол бермеуге және жол ережесін, өмір қауіпсіздік ережелерін сақтауға шақырды.

Атаулы күндерге арналған мерекелік іс-шараларды мектепшілік ата-аналар комитеті, «Әкелер», «Аналар» клубы, Парламент мүшелері ұйымдастырып, белсенді түрде қатысты.

Жаңа жыл қарсаңында 1-10 сынып оқушылар арасында «Әкелер», «Аналар» клубының, мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Қош келдің, Жаңа Жыл» тақырыбында жаңажылдық кеш ұйымдастырылды.

Ақпан айында «Дебат» клубының бастауымен ауған соғысы ардагерлері : Қ.Имашев және Т.Бекешовтың қатысуымен кездесу ұйымдастырылып, бейне фильмдер көрсетілді. Кездесу барысында ардагерлер ауған соғысы туралы әңгімелеп, оқушылардың сұрақтарына жауап берді.

Кездесу өте қызықты және әсерлі өтті.

«1 Наурыз -Алғыс айту күні» қарсаңында мектебімізде тәрбиелік мәні бар іс-шара, «8-Наурыз- аналар күніне» орай мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Мектеп парламенті, ата-аналар кешті ұйымдастыруда белсенділік танытып, үлкен үлес қосты.

«Қош келдің, Әз- Наурыз!» мерекесі қарсаңында мектебімізде ата-аналар және мектеп парламенті мүшелерінің ұйымдастыруымен мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында ата-аналар мен оқушылар ұлттық дәстүрлерді дәріптеп, «Бесікке салу», «Тусау кесер» сияқты дәстүрді сахналап, ән-биден шашу шашты.

Сәуір айында жылдық жоспарға сәйкес ҚР еңбек сіңірген әртісі Р.Бағланованың, қазақтың ұлы ағартушысы А.Байтұрсыновтың және қазақ батыры М.Маметованың ерлігін, еңбегін еске алу, насихаттау мақсатында апталық ұйымдастырылып, іс-шаралар жүргізілді, 1-10 сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді.

Жылдық жоспарға сәйкес «Рухани жаңғыру» жобасы аясында «1-мамыр - Халықтар достығы және бірлігі күні» 1-10 сынып оқушылары арасында

мерекелік концерт ұйымдастырылып, бастауыш сыныптарда сурет байқауы, 5-7 сыныптарда плакат байқауы, мектеп фойесінде «Біз біргеміз» көрме өткізілді.

Мектепішілік «Әкелер» ұйымдастыруымен «9- мамыр- Ұлы Жеңіс Күніне» орай 8-10 сынып оқушылары арасында Ұлы Отан Соғысының ардагері Қ.Рысбековпен кездесу өткізілді, іс-шара барысында оқушылар қонаққа сұрақтар қойып, соңында патриоттық әндер мен билерден шашу шашты. Кездесу өте қызықты және әсерлі өтті.

«1-маусым- балаларды қорғау күніне» орай мектебімізде «Балалар-біздің болашағымыз!» айдарымен мерекелік іс-шара өткізіліп, 5-10 сыныптарда сурет байқауы, 1-4 сыныптар арасында «Менің елім Қазақстан», «Мен әлемді сүйемін» тақырыбында асфальтқа сурет салу ұйымдастырылып, концерттік бағдарлама дайындалды.

Мерекеді мектебіміздің өнерлі оқушылары ән айтып, би биледі, 7-10 сынып оқушылары «Біз бақытты баламыз» атты қол өнер көрмесін дайындады.

2023-2024 оқу жылында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда «Ата-аналар академиясын» құру, сондай-ақ «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады.

2023-2024 оқу жылы бойынша білім алушылармен жүргізілген тәрбие жұмыстары «Нұр Әлем» жекеменшік мектебінің тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалып, мектеп директоры тарапынан бекітілген.

Оқу жылының басында, жоспарға сәйкес 01.09.2023 ж.күні мектебімізде ата-аналардың қатысуымен «Білім күніне» орай, «Сыңғырла күміс қоңырау!» атты салтанатты жиын өткізілді.

Қыркүйек айында «Отбасы күні», «Денсаулық күні» қарсаңында 1-11 сыныптарда тәрбие сағаты өткізіліп, спорттық жарыстар, суреттер байқауы ұйымдастырылды.

«Тілдер мерекесі» аясында «Онкүндік» барысында ашық сабақтар, қабырға газеті, сурет байқауы ұйымдастырылып, 5-8 сыныптар «Өлең оқу сайысы», 8-11 сыныптарда эссе байқауы, бастауыш сынып оқушылары арасында «Ертегілер әлемінде» тақырыбында іс-шаралар өткізілді.

Қазан айында бастауыш сынып оқушылары арасында «Сен жол ережесін білесің бе?» айдарымен іс-шара ұйымдастырылып, өткізілді. Мерекелік іс-шараға ата-аналар белсенді түрде қатысып, өз үлестерін қосты. Мерекеді оқушылар жол белгілерін жақсы білетінің көрсетті, жұмбақтар жасырып, ән мен биден шашу шашты.

Мектеп Парламентінің ұйымдастыруымен оқушылар арасында өмір қауіпсіздігін насихаттау, экстремизм-терроризмнің алдын алу, жер сілкінісі, өрт жағдайында іс-әрекеттерін үйрету мақсатында «Оқу жаттығу» жиыны өткізілді.

Іс-шара барысында 1-11 сыныптарда тәрбие сағаттары өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, берілген дабыл бойынша мектеп ұжымы қауіпсіз ашық алаңға эвакуаланды. Мектебіміздің медбикесі Н.К.Даргелдің ұйымдастыруымен «Құтқару тобы» ғимарат ішінде қалып кеткен оқушыға алғашқы медициналық көмек көрсетті.

Жоспарға сәйкес, мектебімізде мектеп Парламентінің қолдауымен 5-7 сыныптар арасында «Күз аруы», 9-11 сынып оқушылары арасында «Күзгі бал» мерекесі ұйымдастырылды.

Қазан айында мектебімізде «Әкелер» және «Аналар» клубының ұйымдастыруымен ұстаздар, ата-аналар, оқушылардың қатысуымен, мектеп пен отбасы байланысын нығайту және талантты, өнерлі оқушыларды, ата-аналарды дәріптеу мақсатында «Екі жұлдыз» өнер сайысы өткізілді. Конкурста ата-аналар, ұстаздар және оқушылар жұптасып, өз өнерлерін ортаға салды.

Сайыс соңында, әділ қазылар шешімімен оза шапқан өнерлі жұптар анықталып, жүлделі орындарды иеленді.

Оқушылар арасында жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында 1-11 сыныптарда диктант жаздырылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жасөспірімдер арасында қылмысты болдырмау мақсатында 5-10 сынып оқушылар арасында Туран ПБ-нің қызметкері, полиция лейтенанты К.Ескараевтың қатысуымен «Жасөспірім және Заң» тақырыбында кездесу өткізілді. Іс-шара барысында заң қызметкері оқушыларды Заң баптарымен таныстырып, міндеттері туралы айтты, және тақырыпқа сай бейне роликтер көрсетті. Сондай-ақ, К.Ескараев оқушыларды сабаққа кешікпеуге, сабақтан себепсіз қалмауға, мектеп формасын сақтауға, ұстаздарды құрметтеуге, ата-аналарды тындауға шақырды.

Сонымен қатар, заңгер, оқушыларды сабақ кезінде, кешкі мезгілде сағат 22:00 -06:00 арасында ата-анасыз көшеде жүрмеуге шақырып, ойынхана, кафе, тойхана т.б. басқа жерлерге баруға рұқсат жоқтығын ескертті. Себебі, осы мезгілде қаламызда, ҚББ құқық қорғау қызметкерлерінің қатысуымен «Суық қару зардабы» айдарымен түнгі рейд жүргізілетінін қатан ескертті.

Қазан айында 7-10 сынып оқушылары арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу» мақсатында № 2 емханасының гинеколог-дәрігері Г.Өтебаева және емхана психологы К.Мурзаеваның қатысуымен кездесу өткізіліп, қыздар арасында түсіндірме әңгіме жүргізілді.

Қазан айының 21 жұлдызында 6-11 сыныптар арасында қалалық Діни басқармасының маманы Б.Шораева, Д.Адилованың қатысуымен «Экстремизм-терроризмнің алдын алу» мақсатында кездесу өткізіліп, оқушыларға діни теріс ағымдар туралы ақпарат беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Теологтар Б.Шораева, Д.Адилова балаларға мешітке баруға рұқсат жоқтығын ескертіп, мектеп формасын сақтауға, сабақ оқуға, тәртіпті болуға, үлкенді сыйлауға шақырды.

23.10.2023 ж күні «Республика күніне» орай, жоспарға сәйкес мектеп Парламенті және «Әкелер», «Аналар» клубының ұйымдастыруымен 1-11 сынып оқушылар арасында «Менің елім- Қазақстан» айдарымен мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Апталық барысында оқушылар қолөнер көрмесін жасап, сурет байқауын, эссе конкурсын өткізді. Іс-шараға ата-аналар белсенді түрде қатысты.

Мерекеге орай, дене шынықтыру пәнінің ӘБ гі ата-аналар мен оқушылар, ұстаздар арасында ұлттық ойындардан жарыс ұйымдастырып, спорттық эстафета өткізді.

Айтулы мерекеде мектебіміздің өнерлі оқушылары ән айтып, би биледі.

Ата-аналармен бірлесе өткізілген іс-шара талапқа сай және қызықты өтті.

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
2-қосымшасы

**Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарын бағалауына арналған өлшемшарттар**

p/c №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдар ы
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	95,6%	4
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	85%	3
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	95,6%	4
4	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	20%	3
5	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721	26,6%	3

	тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі		
6	Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	95%	4
7	Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу)	100 %	5
8	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі	100 %	5
9	Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының)	100 %	5

